

РЕФЛЕКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСІ

Білім алушы өзінің оқу тәжірибесін көрсететін білім беру түрін рефлексивті оқыту әдісі дейміз. Оқыту барысында оқытушы нақтылау мен жоспарды өзі құрып, тәжірибенің рөлін күшейтеді. Көбінесе, нәтижеге бағытталған.

Рефлексивті оқыту – оқу процесінде ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде туындайтын өзекті, күрделі және қиын жағдайларды шешу үшін нақты уақытта қолданылатын белсенді, динамикалық, әрекетке негізделген әдіс. Басынан өткен тәжірибеге сүйеніп, шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Айталық, мәдениеттану пәнін оқыту барысында оқытушы аудиторияның деңгейі мен талаптарын ескере отырып оқу жоспарына өзгеріс енгізе алады. Өзгеріс қарапайым немесе күрделі болуы мүмкін. Рефлексивті оқыту сабақты кез-келген форматта өткізуге ыңғайлы. Ең бастысы нәтижеге жету. Осындай оқыту әдісімен студенттер теоретикалық білім ғана емес, шығармашылық ізденіспен бай тәжірибе жинақтайды.

Рефлексивті оқыту – оқытушылардың нұсқаушы тәсілдерінің жалпы тиімділігін тексеру үшін олардың оқыту тәжірибесіне рефлексия жасайтын процесс. Сыни рефлексияға негізделген осы аналитикалық процесстің нәтижесіне байланысты оқыту әдістерін жетілдіру немесе өзгерту қажет болуы мүмкін.

Педагогтар рефлексивті оқытумен айналысқанда, олар өздерінің оқыту тәжірибесін бағалауға, оқу бағдарламаларын қайта қарауға, студенттердің кері байланысын қарастыруға және студенттердің оқуын жақсарту үшін өзгерістер енгізуге уақыт бөледі. Бұл процесс ақпарат жинауды, деректерді түсіндіруді және болашақты жоспарлауды талап етеді.

Рефлексивті оқыту адамның оқыту мен оқуға қатысты негізгі нанымдарын және курстың оқытылуына дейін, курс барысында және одан кейін нақты аудиториядағы практикамен сәйкестігін тексеруді қамтиды. Рефлексивті оқытқанда, оқытушылар өздерінің оқытуына сын көзбен қарайды және тиімді оқытудың әдістерін іздейді.

Рефлексивті оқыту (тәжірибе) – оқу процесінде ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде де туындайтын өзекті, күрделі және қиын

жағдайларды шешу үшін нақты уақытта қолданылатын белсенді, динамикалық, әрекетке негізделген және этикалық дағдылар жиынтығы. Рефлексивті тәжірибе – адамның не істеп жатқаны туралы рефлексиясы. Бұл әрекет ету арқылы үйрену тұжырымдамасымен тығыз байланысты, өйткені адам өткен тәжірибесіне сүйене отырып, болашақ мінез-құлық туралы шешім қабылдайды.

Рефлексивті оқыту бір реттік оқиға емес, үздіксіз процесс. Үздіксіз рефлексия шын мәнінде оқытушылар мен студенттерге сенімді, жауапкершілікті, ойлы, шығармашылық және белсенді болуға көмектесетін әдіс болып табылады. Рефлексия циклдік процесс, яғни адамның өсіп, өзгертін жағдайларға бейімделуін білдіреді. Оқытудың Рефлексивті әдісі студенттің өзінің күшті жақтары мен әріптестерінің озық тәжірибесін пайдалануды көздейді, ол оны өз оқуында қолдана алады. Сайып келгенде, рефлексия барлық оқушылардың тиімдірек оқуын қамтамасыз етеді, өйткені оқыту олардың қажеттіліктері мен қабілеттеріне бейімделуі мүмкін.

Рефлексивті оқыту – оқытудың бір түрі, оның мақсаты жинақталған тәжірибені өзін-өзі дамыту немесе оқу үшін пайдалану үшін жүйелі және сыни тұрғыдан бағалау және талдау.

Рефлексивті оқытудың жақсы жақтары

Білім беруде Рефлексивті оқыту технологияларын қолдану оқытушыға аудитория сұранысына сәйкес оқу жоспарына түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Оқытудың жаңа әдістерін немесе тәсілдерін үздіксіз пайдалану оқытушы үшін де, студенттер үшін де қызықты мүмкіндіктер тудыруы мүмкін. Бұл өзгерістер қарапайым немесе үлкен және батыл болуы мүмкін. Рефлексивті оқыту сабақты іс-әрекеттің кез келген түріне бейімдеуге мүмкіндік береді. Оқытушы табысқа жету үшін жаңа идеялар мен тәсілдер жасап, тәжірибе жасай алады. Студенттердің кері байланысы негізінде оқытушы өз материалының сапасын жақсартады. Студенттермен бірге дәрісте көтерілген өзекті мәселелер бойынша ой қозғай отырып, олардың дамуын қолдау үшін нені жақсарту керектігін ұғына отырып, оларды оқу процессіне белсенді қатысуға тартады. Осындай эксперименттердің арқасында студенттер тек теориялық біліммен қатар, бай тәжірибе алады. Олар

шығармашылықпен, тапқырлықпен ойлана бастайды және ойлаудың жаңа тәсілдері мен әдістеріне дайын болады.

Оқытудағы рефлексивті әдіс өзіне сенімді студенттерді дамытуға көмектеседі. Рефлексия нәтижесінде студенттер сенімді білім базасын құра отырып, жаңа мәселелер мен қиындықтарға тап болады, күрделірек тапсырмаларды қабылдайды. Рефлексия дағдылардың кең ауқымын қамтамасыз етеді, өйткені адамзат оқудың жаңа жолдарын табады. Рефлексия арқылы студентте қазіргі заманда маңызды есептерді шешу қабілеттері қалыптасады. Осындай эксперименттердің арқасында студенттер тек теориялық біліммен қатар, бай тәжірибе алады. Олар шығармашылықпен, тапқырлықпен ойлана бастайды және ойлаудың жаңа тәсілдері мен әдістеріне дайын болады.

Рефлексивті оқыту үшін не қажет?

Рефлексия – циклдік процесс, оған мыналар кіреді: әрекеттер, талдау, бейімделу және әрекеттерді қайталау. Адамның ойлары келесі сабаққа тікелей әсер етеді, өйткені интроспекциядан кейін оларға белгілі бір түзетулер енгізеді.

Рефлексивті білім беру әдісі барысында өзіңізге қоятын сұрақтар:

- ❖ Мен нені жақсы істедім?
- ❖ Не істемедім?
- ❖ Мен нені өзгертуім керек?
- ❖ Бұл идеяны келесі жолы қалай бейімдеуге болады?

Бұл сұрақтардың жауаптары тапсырманы өзгертуді, топтық жұмыстан жұптық жұмысқа көшуді немесе сабақ ретін өзгертуді білдіруі мүмкін.

Рефлексивті оқытуды жүзеге асыратын оқытушы өзіне де бірқатар сұрақтар қоюы керек, атап айтқанда:

- ❖ Студенттер материалды жақсы түсінеді ме?
- ❖ Оларда қандай қиындықтар бар? Олар немен байланысты?
- ❖ Студенттер менің нұсқауларым мен тапсырмаларымды толық түсінді ме? Егер жоқ болса, неге жоқ?
- ❖ Студенттер тапсырманы немесе әрекетті орындаудағы табыстың қандай болатынын түсінеді ме? Олар мұны өздері үшін көрсете алады ма?
- ❖ Мен оларға қиындықтарды жеңу үшін не істей аламын?
- ❖ Бұл сабақта не жақсы өтті? Неліктен?
- ❖ Мен қандай қиындықтарға тап болдым? Неліктен?

- ❖ Студенттер қаншалықты қызығушылық танытып, белсенділік танытты?
- ❖ Мен басқаша не істей алар едім?
- ❖ Бұл тәжірибеден болашақ сабақтарымда маған көмектесетін не білдім?

Жалпы алғанда, Рефлексивті оқыту негізгі дағды болып табылады. Ол оқу процесіне неғұрлым тезірек енгізілсе, соғұрлым жақсы. Бұл әдіс қызығушылық танытатын және сыни ойлай алатын студенттерді тәрбиелеу үшін таптырмас әдіс. Рефлексивті тәжірибе адамды тек мектеп немесе студенттік жылдары ғана емес, сонымен қатар барлық еңбек және өмір тәжірибесі барысында оқуды жетілдіру құралы болып саналады.

Практикалық сабақты өткізу барысында студенттерден сабақтың қалай өткені, олардың не үйренгені, ұнаған ұнамағаны жайлы сұхбат алынады. Студенттердің көңіл-күйін саралай отырып, сабақты одан да қызықтырақ етуге көмектеседі.

Сабақтың қаншалықты студенттерге ұнап жатқанын тез арада «Күн мен бұлт» техникасы арқылы білеміз. Мысалы, сабақтың барысы ұнап жатқан болса -сары (күн) стикер жабыстырып, ұнамаса-бұлт (көк) жабыстырылады.

Талқылауға арналған сұрақтар?

1. Мәдениеттану пәнін қызықты, танымды өткізу үшін қандай идеялар ұсынар едіңіз?
2. Оқытушы болсаңыз қандай оқыту әдістерін қолданасыз?